



MUNAAILY ЕКЕН

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 16 (479)

28/09/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

Үздік маман – 2018

Шеберлікті шыңдау сайысы өз мәресіне жетті



Қыркүйектің 24-28 күндері Маңғыстау облысы мен Павлодар қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өндірістік нысандарында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Үздік маман – 2018» кәсіби шеберлік байқауының ақтық кезеңі өтті.

Сайыстар ҚМГ еншілес ұйымдарының алты өнеркәсіптік алаңында – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Қаламқас кен орны), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау, оқу-курстық комбинаты), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар), «Oil Services Company» ЖШС (Жетібай кен орны), «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-де (Ақтау, Маңғыстау технологиялық транспорт басқармасы) ұйымдастырылды. Жалпы, мұндай шаралардың кезегімен әр түрлі компанияларда өтуінің өзі мұнайшылардың өзге кәсіпорындардағы озық әдістерді үйреніп, өзара тәжірибе алмасуына ықпал етеді.

Мұнайшылар арасындағы байқау осы жылы екі кезеңнен тұрып, бұдан да ауқымды және көлемді болды. Бұған дейін еншілес кәсіпорындарда өткен бірінші кезеңге мұнай-газ кешенінің 35 негізгі мамандықтың үш мыңнан астам жұмыскері қатысты.

3-бөлімге ►►

Бүгінгі сәндә:



2

«Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясы 20 жылдық мерейтойын атап өтті

Кеніш ғұмырын жаңа технология ұзартады

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Забурын кен алаңындағы полимерлік суландыру жобасын жүзеге асыру барысында кеніштің негізгі аумағын толық қамту мақсатында су айдау ұңғымаларының саны 6-ға дейін өсті.



Сондай-ақ, Директорлар кеңесі мүшелері аталған мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңындағы ілеспе мұнай газын залалсыздандыратын газ дайындау қондырғысында болды.

Аталған қондырғының жылдық өнімі 20 млн. м³-ты құрайды. Ал, шикізат ретінде бұл өндірістік басқарма кен орындарының ілеспе мұнай газы пайдаланылады.

– Газ дайындау қондырғысынан алынған тауарлы газ 1666-2007 ҚР СТ талаптарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, 2188-2011 ҚР СТ талаптарына сай келетін тұрақты газ конденсаты қосымша өнім ретінде алынады. Тауарлы газ мұнай-газ өндіру басқармасының өз қажеттіліктеріне қолданылып қана қоймай, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүйесі арқылы Исатай ауданының елді мекендеріне жіберіледі. Ал, тұрақты конденсат мұнайды дайындау және айдау цехына жөнелтіледі, – деді қондырғының жұмысымен таныстырған

энергетикамен қамту және газ шаруашылығы жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Сейтқазиев.

Қондырғыдан тауарлы газды толыққанды алу үшін «Аққыстау поселкесі – Тұщықұдық АГРС» және «Газ дайындау қондырғысы – Тұманды поселкесі» газ желілері құрылысының жұмыс жоспары жасақталды. Аталған газ желісі тауарлы газдың барлық көлемін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүйесіне кез келген уақытта таратуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда аталған газ желілерінің құрылысы жүруде, іске асыру мерзімі – 2018 жылдың соңы.

Барлық технологиялық процесс автоматтандырылған, яғни, оператор басқару пульты арқылы өндірісті онлайн жүйесінен бақылай алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері өндіріс алаңдарын аралап болған соң бас кеңседе жиын өткізіп, өзекті мәселелерді талқылады.



5

Ембіде өткен баспасөз туры



8

Спорт саңлағы
Ақтауда тұрады

«Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясы 20 жылдық мерейтойын атап өтті

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясының ірге тасының қаланғанына 20 жыл толып отыр. Айтулы шараға отандық және Ресей, Әзірбайжан, Ұлыбритания, Голландия, Дания, Грузия, Румыниядан шетел іскерлік серіктестері, мұнай компанияларының, соның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Теңізшевройл» ЖШС басшылары, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Энергетика, Инвестициялар және даму министрліктерінің, «Транскаспий халықаралық көлік бағыты» қауымдастығының өкілдері, компания өз қамқорлығына алған екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлері, Компанияның Бақылау кеңесінің бұрынғы басшылары, сондай-ақ әр жылдары компанияны басқарған басшылар жиналып, мерейтой иелерін құттықтады.

Қонақтарға компания қалыптасуының, теңіз операциялар базасы құрылуының, жаңа кемемен толықтырылуының 20 жылдық тарихын баяндайтын деректі фильм көрсетілді. Осы кезең ішінде кеме қатынасы компаниясы еліміздің іргелі күретамырының біріне айнала білді. Компания өзінің басты мақсаты болып табылатын Каспий, Қара теңіз және Жер Орта теңізі бассейндерінде отандық теңіз флотын құру, мұнай және мұнай өнімдерін әлемдік рынокке тасымалдау, сондай-ақ өзіміздің кеме жөндеу базасын қалыптастыру ісінде біраз жетістіктерге жетті. Компанияның танкерлері халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сай және мұнай тасымалдау үшін оларды Chevron, NOC, Shell, Exxon Mobil, Total сияқты жетекші халықаралық энергетикалық компаниялар мақұлдады. Жеке кемелері пайда болған кезге дейін Қазақтеңізкөлікфлоты жалға алынғандарды пайдаланды. Компания үшін бұл кезең тәжірибе жинақтау кезеңі болды.



кеңейді. Келешекте кемелер санын 50-ге жеткізуді жоспарлап отырмыз», – деп баяндады Айдар Оржанов.

Жиырма жыл ішінде Қазақтеңізкөлікфлоты Каспий теңізінде 70 млн тоннадан астам және ашық теңіздерде 32 млн тоннадан астам мұнай тасымалдады. Қазіргі уақытта ҚТКФ Қазақстандағы ең ірі және заманауи флоттың иесі: 26 кемесі бар, соның ішінде 8 танкер (Каспийде – 6 және Қара теңізде – 2), 3 мамандандырылған және көпфункционалды кеме. Бұдан басқа, теңіз операцияларын қолдау қорында 16 буксир және баржа-алаңдары бар.

Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы Каспий теңізі арқылы мұнай құйылған

компанияларыңыз Қашаған бойынша ауқымды жобаны жүргізіп келеді, Сіздерге үлкен жүк артылып отыр. Осы жоба іске асырылған кезде Сіздердің ірі танкерлеріңіз бұл жұмысқа тартылатын болады. Компанияларыңыздың болашағы зор, маңызды әлеуетті мүмкіндіктері көп. Бұл жайында Қазақстан Президенті үнемі айтып жүреді. Сондықтан бізге жаңа мамандар мен тың технологиялар қажет. Көрші мемлекеттердің, соның ішінде Баку қаласының порттары «Қазақтеңізкөлікфлотын» Қазақстанның теңіз әлеуетіндегі ең мықты компания екенін мойындап отыр. Сіздерге атқарған жұмыстарыңыз үшін және еліміздің беделін арттырып жүргендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз», – деді өңір басшысы.

Одан кейін марапаттау рәсімі басталды. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов компания қызметкерлеріне Энергетика министрлігі, Инвестициялар және даму министрлігі атынан марапаттар тапсырды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі атқарушы директоры Нұртас Шманов ҚТКФ қызметкерлерін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Casenergy» қауымдастығының наградаларымен марапаттады. Компанияның бас директоры Марат Орманов үздіктерге ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясының естелік төсбелгілерін, сондай-ақ Құрмет грамота және Алғыс хаттарды табыстады.

ҚТКФ Бас директоры Марат Орманов жиырма жыл ішінде компания өз ұжымының еңбегі және барлық серіктестерінің арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізгендігін айтып өтті.

«Осы жылдар ішінде біздің ұжымымыз бірлігі жарасқан отбасыға айналды. Әрқайсымыз өз үлесімізді қосып келеміз. Ұзақ уақыт бойы ынтымақта жұмыс жасап жүрген біздің серіктестерімізді – теңіз компаниялары, порттар, жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың өкілдерін де атап өткім келеді.



Теңіз сауда кемелерімен жұмыс жасады, теңіз арқылы тасымалдаудың ерекшелігімен танысты.

ҚТКФ бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары Айдар Оржанов компанияда 2001 жылдан бері еңбек етіп келеді. Компанияның қалыптасу, даму кезеңдері есінде. Оның айтуы бойынша, компания қызметі екі бөлмеден тұратын шағын офистен басталды. Ұжымда бар болғаны төрт адам жұмыс жасады. Жеке флоты болған емес. Ал бүгінде компанияның офисі Ақтау қаласының орталығында орналасып, қаланың ең көрікті және заманауи ғимаратының бірі болып табылады.

«Қазір біздің флотымыз үлкен, онда шамамен 250 адам еңбек етеді. Проблемаларымыз жоқ деп айтуға болады. Бұрын біз кеме компанияларының тіпті табалдырығынан аттай алмайтын едік, ешкім кіргізбейтін жағдайлар болды. Өйткені ҚТКФ туралы ешкім білмеді. Қазір бізбен санасады, құрметтейді. Бұрын біз тек Каспий теңізінде ғана жұмыс істеп, ашық теңіздер туралы армандаған болсақ, енді қазір біз Каспийдің көшбасшылары атанып, кемелеріміз Жер Орта және Қара теңіздерінде, Англияда, Түркияда жүреді. Бизнесің ауқымы да, флотымыз да

жүктерді тасымалдаумен ғана айналыспай, мұнайдың апатты төгілуін жою бойынша қызметтер көрсетеді. ҚТКФ 2016 жылдан бастап «Теңізшевройл» компаниясымен келісімшарт жасап, «Теңізшевройлды» болашақта кеңейту жобасы шеңберінде ірі габаритті модульдерді тасымалдаумен айналысуда. Бұдан бөлек, компанияның флоты контейнерлерді тасымалдауға арналған кемелермен үнемі толықтырылып отырады.

ҚТКФ өңір бюджетін толықтыруда да көш бастап тұр. Жұмыс жасау жылдары ішінде мекеме кірісі жалпы 272 млрд 604 млн теңгені құрап, бюджетке 6 млрд теңгеден астам корпоративтік табыс салығы аударылды. Экономикада болып жатқан келеңсіз жағдайларға қарамастан, Қазақтеңізкөлікфлоты өндірістік қызметтің оң қаржылық нәтижесін көрсетіп келеді. Осы фактіні өз құттықтау сөзінде Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов та атап өтіп, компанияның өңірдің ең ірі салық төлеушісі екендігіне баса назар аударды. Сондай-ақ, Е. Тоғжанов Каспий теңізіндегі мұнай кен орындарын игеру бойынша алдағы уақыттағы жобалардың жұмысындағы зор әлеуетін де атап айтты.

«Контейнермен тасымалдау қажеттілігі 2020 жылға дейін 60 есеге ұлғаяды. Қазір

Сіздермен бірге біз дұрыс бағытта дамып, ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар құрып, жаңа биіктерді бағындыратын боламыз. Бүгінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» сыртқы кері факторларға мойынсұнбай, бәсекелестерге қарамастан еңбек етіп, жұмыстанып келеді. Міне, сол себепті Каспий теңізінің акваториясы саласындағы көшбасшы атандық. Біз осымен тоқтап қалмай, алға қарай ұмытылып, оң нәтижелерге жетуіміз керек. Сіздер сияқты ұжымның арқасында біз жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік, межеленген міндеттерді орындадық. «Қазақтеңізкөлікфлоты» әлі де дамып, кеңейтуді жоспарлап отыр. Жаңа көкжиектерді бағындырып, мол табыстарға жетуді көздейді! – Марат Орманов өз ұжымын құттықтап, рухтандырды.

Мерейтойды атап өту барысында әрбір қызметкерге құрмет көрсетілді, ешкім елеусіз қалмады.

«Біздің компания үнемі даму үстінде, жаңа кемелермен толықтырылып отырады. Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуына баса көңіл бөлінуде. Жалақымыз тұрақты, сыйақылар беріледі, әлеуметтік пакеті және медициналық сақтандыруымыз да жақсы», – дейді үшінші капитан Мейрам Алдабергенов.

Ол «Ақтөбе» танкерінде төрт жыл бойы еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде апат болғаны есінде жоқ. Каспий теңізі әлемдегі ең дамылсыз теңіздердің бірі болып есептеледі: жылына 60 күн дауыл соғады. Тиісінше, ҚТКФ командасы алдында тұрған ең басты міндет – жүктердің қауіпсіз тасымалдауын қамтамасыз ету. Бұл міндетті теңіз компаниясының ұжымы ойдағыдай орындауда. Экипаждың үйлесімді жұмысының арқасында жүктер еш бүлінбей, тапсырыс берушілерге дейін бүтіндей жетіп тұрады. Бұған ұжым қызметкерлерінің кәсіби шеберліктері ғана емес, сондай-ақ ҚТКФ-те жасалған еңбек етудің қолайлы жағдайлары да өз септігін тигізеді.

Компания өзінің 20 жылдық мерейтойының құрметіне «Әрқашан дұрыс бағытта» атты кітап шығарды. Кітаптың атауы «Қазақтеңізкөлікфлоты» 20 жыл бойы ұстанып келген ұраны. Кітапта компанияның құрылуының, табысқа жетуінің барлық кезеңдері баяндалған. Сондай-ақ, кітапқа Каспий және ашық теңіздердегі мұнай құйылған жүктерді тасымалдау міндеттерін дамыту жөніндегі деректер енгізілген.

Жиырма жылдық тарихтың мақсаты – мықты, бәсекеге қабілетті отандық сауда флотын құру – орындалды. Ендігі мақсат – теңіз сауда флоты саласында табиғатты қорғаудың озық технологиялық шешімдерді қолдана отырып, үлкен көлемде және қысқа мерзім ішінде отандық және транзиттік жүктердің жылдам тасымалдануын қамтамасыз ететін заманауи, бәсекеге қабілетті паромды флот құру.

Компания ұжымына Қазақстанның игілігі жолындағы барлық батыл қадамдары мен бастамаларын жүзеге асыруда тың табыстар тілейміз.



Шеберлікті шыңдау сайысы өз мәресіне жетті



практикалық тапсырмаларды орындау сапасы мен теориялық дайындығын бағалап, үздік мамандарды анықтады.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» сервистік компанияның өнеркәсіптік алаңында өткен машинистер байқауын бақылап отырған комиссия

мүшесі **Серік Құсаевты** сөзге тартып көрген едік: «Қазір ОТК аумағында ЦА-320 цементтеу агрегаттарының машинист-мотористерінің сайысы өтіп жатыр. Барлығы бес жұп өзара бақ таластыруда. Бәсекелестік деңгейі өте жоғары. Барша қатысушылар үлкен ынта-жігер көрсетуде. Біз, комиссия мүшелері, нормалар мен талаптардың орындалуын мұқият қадағалап отырмыз. Ең үздік маман жеңіске жетсін!».

«I-бемме»

Байқаудың ақтық кезеңінде химиялық талдау зертханашысы, тауар операторы, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика слесарі, электромонтер, электрогазсіруші, мұнай және газ өндіру операторы, қабат қысымын сақтау операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, технологиялық жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу слесарі, автомобиль краны машинисі, жылжымалы бу қондырғысының машинисі, автомобиль жүргізушісі, цементтеу агрегатының моторист-машинисі, токарь, ҰЖЖ бригадасы, ҰЖЖ бригадасы, технологиялық қондырғылар операторы, технологиялық сораптар машинисі, технологиялық компрессорлар машинисі, мұнайды өңдеу кәсіпорындарының химиялық талдау лаборанты сияқты 20 негізгі және аралас мамандықтың 172 өкілі өз шеберліктерін сынға салды.

Байқау екі кезеңге бөлінді: теориялық білімдерді тестілеу және практикалық тапсырмаларды орындау. Тест сынағы online режимінде электронды түрде өтіп, қатысушылар өз мамандықтарын теориялық тұрғыда қаншалықты меңгергендіктерін көрсетті. Бұл тұста қатысушыларға гаджет пайдалануға тыйым салынғанын атап өткен жөн.


Практикалық сайыстарды өткізген өндірістік бөлімшелер арнайы жұмыс орындарын, құрылғылар мен құрал-жабдықтарды түгел дайындап, шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Арнайы киім, арнайы жабдық берілді, жұмыскерлер тек нұсқаулықтан өткен соң ғана жіберіліп отырды. Шеберліктерін көрсету сайысы кезінде мамандар тапсырманы қойылған талап бойынша сапалы әрі шапшаң орындауға тиіс. Әрқайсы сапалы жұмыс нәтижесін көрсетуге тырысып бақты. Әр өндірістік алаңда қайнаған еңбек, қызу сайыс жүріп жатты. Жалпы, жыл сайын өтетін «Үздік маман» сайысы өз мамандығының қыр-сырын тереңдете білуге бағыттайтын шара.

Биыл байқауға тәжірибелі қызметкерлермен қатар үздік жас кәсіпқойлар да қатысты. Олар өздерінің таңдаған ісіне адалдығы және жоғары шеберліктерімен Ұлттық компанияның басты кәсіби алаңдарында өз мекемелерінің намысын қорғауға лайықты екендерін дәлелдей алды.

ҚМГ кәсіпорындары тобы сарапшыларынан құралған әділқазылар алқасы сайыс шарттарының орындалуын қатаң бақылап, деректерді салыстырып және құжаттарды тексеріп отырды. Конкурстық комиссия



«Үздік маман» сайысы бір шаңырақ астына жинаған ұжымды ұйыстыратын, рухандыратын шара болды. Жан-жақтан жиналған мұнайшылардың өзара ынтымағы мен бірлігінің артуына септігін тигізді. Байқауға қатысушылар да өз пікірлерімен бөлісті:




Айжан Хамитова, «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының химиялық талдау зертханашысы:

– Жалпы еңбек өтілім 20 жылдан асты. «Үздік маман» сайысының ақтық кезеңіне бірінші мәрте келуім. Бұған дейін өзім еңбек ететін компания ішіндегі турларға қатысып, бірінші орын алдым. Шара өте жақсы ұйымдастырылған, ризамыз. Басқа мекемелерден келген әріптестерімізбен тәжірибе алмастық. Байқаудың теориялық және практикалық тапсырмаларын жақсы орындадым деп ойлаймын. Өзіме өзім сенімдімін.



Айберген Дәрменбаев, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты бұрғылау жұмыстары басқармасының бу машинасының машинисі. Осы мамандық бойынша бірінші орынды иеленді:

– Мен 22 жасымда осы мамандықты таңдап, мұнай-газ саласында еңбек етіп келемін. Бұрғылау жұмыстары басқармасына 2012 жылы қабылдандым. Міндетім – бу машинасымен құбырларды жуу, тазалау. Жұмысым өзіме ұнайды, бізде барлық жағдай жасалған, жалақымыз тұрақты. Өз компаниямда алты адамның арасында өткізілген конкурста үздік деп танылып, осында жолдандым. Осы жердегі сайысқа 3 мекеме қатысты, мен бірінші орын алдым. Ұстаздарыма үлкен алғысымды білдіремін.



Асылбек Атчибаев, «Ембімұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Ембімұнайэнерго» басқармасының электромонтері:

– Мен 2016 жылы «Үздік маман» конкурсына қатысушының көмекшісі ретінде қатысқан едім. Ол кезде сайысқа толық қатыстым деп айтуға келмейді. Ал биыл «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері арасындағы іріктеу кезеңінде 1-ші орынды иеленіп, Ұлттық компания деңгейіндегі сайысқа жолдама алдым. Мамандығым электромонтер. Конкурста шеберлігімді жақсы көрсетуге тырыстым. Теориялық білімімді, тәжірибелік шеберлігімді қолдана отырып, барлығын жақсы тапсырдым. Мен үшін ең бастысы орын алу емес, қатысу, тәжірибе алмасу.



Конкурста ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы номинациясы бойынша қатысып, екінші орынды иеленген «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның 2-МГӨБ бригадасының аға операторы **Ғабит Имашев**, көмекші операторлар **Жолдыбай Ибраев** пен **Марат Камаев** және машинист **Амангелді Бекежанов**:

– Біз «Өзенмұнайгазда» болған бірінші турда 80 бригада ішінен, екінші турда 14 бригада ішінен топ жарып, бірінші орын алдық. Финалға алғаш рет қатысып отырмыз. Бұл жарыс оңайға түскен жоқ, сынақтар қиын болды. Әр сынақта өз шеберліктерімізді барынша көрсеттік. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы деңгейіндегі байқауға жақсы дайындықпен келдік. Біздің сайысымыз «Жетібай» кен орнында өтті. Ұйымдастыру деңгейі керемет болды, барлық жағдай жасалған. Өз бригадамыз жайлы айтатын болсақ, біздің тобымыз өте ұйымшыл. Осы ауызбіршілігіміздің арқасында осында келіп отырмыз. Бүгінгі сайыста жақсы көрсеткішке жеттік.

Ал қыркүйектің 28 күні Ақтау қаласында теңіз жағалауында байқаудың қорытындылары шығарылып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығының қатысуымен жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Үздік деп танылған қызметкерлерге «Үздік маман» медалі және дипломдар табысталды.

Сондай-ақ, Байқаудың салтанатты жабылуында «Үздік маман – 2018» бейнефильмі көрсетілді. Фильмнен байқауға қатысушылар және әділқазылар мүшелері сайыстың барлық шараларын тамашалай алды.



Бәйіш Мейіров, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты бұрғылау жұмыстары басқармасының 2-ші автотізбек аға шебері. Өз номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Айберген Дәрменбаевтың ұстазы:

– Айберген ақтық кезеңге жолдама алған сәтінен бастап, жан-жақты дайындадым. Теориялық сұрақтардың жауабын бірге іздедік. Практикасын да шыңдап, талай жаттығуларды жасадық. Қауіпсіздік техникасының ережелерін қайталап, тыңғылықты дайындалдық. Айбергенге білгенімізді айтып, бәрін үйретуге тырыстық. Айберген өз ептілігінің арқасында бірінші орынды жеңіп алды. Өз ісінің үздіктері арасында «мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» атанды. Бұл біз үшін үлкен жетістік.



Замандас бейнесі

Адам – өз тағдырының қожасы

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында өз жұмысын ынта-жігермен атқаратын білікті мамандар өте көп. Солардың бірі өмірлік әрі кәсіби тәжірибесі мол азамат, Геология және геофизика департаментінің директоры Ахмет Олжабекұлы Жандосов...

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Ол 1959 жылы ақпанның 17 жұлдызында түрікмен елінің Красноводск облысы, Кулымак поселкесінде дүниеге келді. Қазақтың «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегені рас екен. Әкесі қан майданнан аман-есен оралып, мектепте ұстаз болды. Шешесі жұмыс жасаған жоқ. Отағасы мен балаларын баптап, үйде отырды. Ахмет сабақта үздік оқыды. Өзіне тапсырылған үй шаруасын да ұршықша иіріп тастайды. Спортпен айналысты. Доп тепті, волейбол, үстел теннисі, шахмат ойнады. «Адамға аса қымбат балалық шақ, Ойға кіріп шықпайды сор менен бақ» – деп Сұлтанмахмұт жырағандай ойынға әбден қанып өсті.

ЖАСТЫҚ ШАҒЫ

Ахмет Жандосов 1976-1981 жылдар аралығында Ашхабад қаласындағы политехникалық институтында оқып, «Пайдалы қазбалар кенорындарының геофизикалық әдістермен іздеу және барлау» факультетін тау-кен инженер-геофизик мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазір студенттік достары Маңғыстауда әр салада жұмыстарын абыройлы атқарып, еліміздің гүлдену жолында сүбелі үлес қосып жүр.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Еңбек жолын арнайы жолдамамен келіп, 1981 жылы Жаңаөзендегі №1 Өзен өндірістік

геофизика мекемесінде инженер-геофизик болып бастады. Қиын да қызық кәсіптің қыр-сырына қанығып, меңгеріп кетуіне көмектескен Оятқан Бөлекбаев, Жұмасат Қалыпбаев, Жаңбырбай Төлесінов, Досан Жылқышиевтерді құрметпен еске алады. 1983-1990 және 1993-1996 жылдары Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының №2 МГӨЦ инженер-геологы, жетекші-аға геологы болып еңбек етті. Иманмәді Шағырбаев, Сұлтанғали Айдарбаев, Мақсым Шигреев, Нұрлыбек Иманбаев, Меңдіғали Алғалиев сынды керемет азаматтармен жұмыстас болды. Олар жас маманды бөтенсінбеді. Бауырларына тартып, ағалық қамқорлық көрсетті.

ЛАУАЗЫМ БАСПАЛДАҒЫ

Ахмет Жандосов 1990-1993 жылдары «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігіне ауыстырылып, Узеннефть мекемесінде №4 МГӨЦ жетекші геолог, «Узеннефть ЦНИПР түп-аймақ аумағын өңдеу және мұнай өндіруін қарқындыландыру» лаборатория меңгерушісі, 1996 жылы №1 МГӨБ геология және игеру жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, Маңғыстау газ өндіру басқармасы және «Газ өндіру және тасымалдау» басқармасында бас геолог, 2000-2004 жылдары «Өзенмұнайгаз» ААҚ геология және игеру жөніндегі департамент директоры орынбасары, 2004-2005 жж «Өзенмұнайгаз» ӨФ геология және игеру департаменті директоры, 2005-2007 жж. №2 МГӨБ бас геологы, 2007-2009 жж. «Қаражанбас» АҚ бас геологы, 2009-2012 жж.

«Өзенмұнайгаз» ӨФ геология бөлімі бастығы болып абыройлы қызмет жасады. Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ Геология және геофизика департаментінің директоры.

ӘРІПТЕС ПІКІРІ

Әріптес-геолог Гүлнәр Оразалиева «Ахан мына сусыма өмірде өзінің парасатын, кісілігін жоғалтпаған жан. Адам ортаға талантымен емес, мінезімен сыяды емес пе? Ол ешкімге өкпелемейді, көп ашуланбайды. Қандай жағдай болмасын, сабыр сақтауға тырысады. Мамандығын жақсы көреді. Жұмысты талап етеді, айтқанын орындатады. Онымен бірге жұмыс жасау адамға қуаныш сыйлайды. Бір сөзбен айтқанда, жақсы адам!»-дейді. Иә, жақсы адам күн сияқты, одан төгілген шуақ жаныңды жылытады.

ӘРІПТЕС АҒАЛАРҒА МЫҢ АЛҒЫС

Аталарымыз «май» деп айдар таққан мұнай өнімділігін арттыруға сан мыңдаған азаматтар сүбелі үлес қосты. Ахмет Олжабекұлы өзінің жеткен жетістігін Ығылман Шигреев, Қуан Өскінбаев, Бегеніш Абылханов, Қолғанат Құлсариев, Түгелбай Орынбаев, Аманжан Өтесінов, Аманкелді Мұстафаев сынды ағалардың арқасы екендігін айтып, оларға шексіз алғысын білдірді.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Әркім бақыт ұғымын әртүрлі түсінеді. Ахмет үшін бақыт дегеніміз өзіңде бардың қадіріне жете білу. «Сүйікті жұмысыңмен айналысудың өзі бір ғанибет» – дейді ол күлімсіреп.

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ

Береке қонып, бақ дарыған тату отбасында бірнеше бала тәрбиеленіп, қанат қақты. Отба-



сы мүшелері бір-бірін құрметтейді, бағалайды, сыйлайды. Олардың әрқайсының қызығатын ісі, айналысатын кәсібі бар. Мұнай және медицина саласында абыройлы еңбек етіп жүр. Белгілі бір мамандықты иелену де адамның рухани өрістеуіне сеп болады. Бақытты шаңырақта елдің ертеңі – оншақты немерелер мен жиендер өсіп жатыр.

МАРАПАТТАРЫ

2009 жылы Инвестиция және даму Министрлігінің Геология және жерқойнауын пайдалану Комитетінің «Үздік мұнайшысы», Өзен кенорынының 40 және 50 жылдық мерейтойлық төсбелгілерімен, «Мұнай және газ» министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ алғыс хаттарымен марапатталды.

Түйін: Мұнай саласында Ахмет Жандосов сияқты ісін аса жауапкершілікпен тиянақты атқаратын білікті мамандар барда компания ілгерілей бермек!

Еңбек адамы

Мұнай саласындағы жас маман

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының №88/89 топтық қондырғысында 5-ші дәрежелі оператор болып жұмыс атқаратын Дәулет Зікірбаев мұнай өнімінің артуына барынша үлес қосып жүрген жас маман.

Дәулет аса қажетті мамандықтың бірін меңгеріп, бес жылдан бері оны тиісті дәрежесінде атқарып келеді. Жұмысынан жалыққан емес, өкінген жері және жоқ. Жұмысын таңертеңгісін мұнай беріп тұрған 107 скважиналарды аралаудан бастайтын оператор жігіт «бұрын жаяу жүргенде үйге әбден шаршап баратынбыз. Қазір бізге жұмысымызды жеңілдету мақсатында көлік берді. Башшылықтың қамқорлығына өте ризамыз» – дейді.

Бос уақытында қаламыздағы Рахмет Өтесінов атындағы спорт кешеніне баратын Дәулет спорттың мағынасыз күйбеңнен демалдыратынын, үнемі қозғалыста болатын адамның сирек ауыратынын айтады.

Оның компаниядағы әлеуметтің жағдайға да көңілі толады екен. «Асханада құнарлы тамақ дайындалады. Дәмді. Еңбек демалысыма Кеңдірліге 10 күнге барып, демалып қайттым. Бәрі ұнады!» – дейді.

Еліміздің әлеуметтік жағдайының жақсаруы – осы мұнайдың, оны өндіріп отырған Дәулет сияқты мұнайшылардың мігірсіз еңбегінің арқасы екені сөзсіз.



Бір команданың ойыншылары

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының Скважиналарды жерасты жөндеу цехының бастығы Мақсат Мысаев «Еңбек етпей, маңдайдан терді төкпей нәтижеге жету мүмкін емес. Бригададағы жігіттердің қай-қайсысы да өзінің ісін, тапсырылған міндетін абыроймен орындайды», – дейді.

№5 СЖАЖ бригадасында бірнеше жылдан бері жұмыс жасап жүрген шебер Таңатар Сүйебаев, оператор Досан Асанов, оператордың көмекшісі Жеңіс Алаудинов, машинист Нұрасыл Тоқбаевтар ел ырысын еселеп жүрген майталман мұнайшылар, өз ісінің білікті мамандары.

Бригада жігіттері демалатын вагонда кондиционер де, тоңазытқыш та, қысқа толқынды пеш

те бар. Асханадан термоспен ыстық тағамдар да уақытында жеткізіліп тұрады.

«Алдыңғы қатардағы озық елдердің қатарына ену үшін әрбір қазақ дамып таппай еңбек етуі керек» – дейді олар бірауыздан.

«Қара күшпен атқарылатын жұмыстан шаршамайсыңдар ма?» – деген сұрағыма олар «Шаршау ақылдан туындайды. Егер жұмыс ұнамаса, қызықсыз болса, түк бітirmей шаршап жүресің. Ал бізге өзіміздің жұмысымыз қатты ұнайды. Тіпті қара жұмыстың адам денсаулығына тигізетін пайдасы да зор», – деп жауап берді.

Бригада жігіттері образдап айтқанда бір команданың ойыншылары. Жұмыс жүру үшін оларға ынтымақ пен бірлік, өзара түсіністік аударай қажет! Аталарымыз «бірлік бар жерде, тірлік бар» деп бекер айтпаса керек.

Ширек ғасыр белесі



мұнай саласын дамытып, жер қойнауы байлығының елігілігіне жұмсалыуына үлес қосқан Сіздердің еңбектеріңізді әр уақытта жоғары бағалаймыз. Осы тарихи жылдар ішінде мұнайшылар қыруар жұмыстар атқарды. Алайда, алда тұрған міндеттер одан да зор. Салаға тың технологиялар енгізіліп, жаңа кен орындары игерілуде. Мұнайды сыртқа шығару жолдарын кеңейту міндеті де біз үшін ерекше өзекті. Біз, мұнай алқабында шабытты да ширақ қимыл арқылы жаңа талаптарға сай өнім өндіріп, сапалы қызмет етуге қол жеткіздік. Береке мен бірлік, зеректік пен білім арқасында бейнет еткен қызметкерлердің үміті ақталды. Еліміздің мұнай-газ саласында еңбек ететін азаматар алда тұрған міндеттерді абыроймен

атқарып, индустриялық-инновациялық дамуымызға үлес қосатынына сенімім мол. Сіздерге келешекте Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін. Отбасыларыңызға береке мен бірлік, амандық пен тыныштық тілеймін» – деп өз тілегін білдірді. Бас директордың бірінші орынбасары Тянь Кэцзянь мырза да серіктестік қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтады. «Қазгермұнай» БК» ЖШС құрылғанына 25 жыл толуымен ұштастырылған компания қызметкерлерін салтанатты марапаттау рәсімі болып өтті. Мұнай-газ саласының қызметкерлері Мұнай және газ министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Kazenergy» қауымдастығы, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, Қызылорда облыстық әкімшілігі марапатын иеленді. Бірқатар азаматтарға төсбелгілер, алғыс хаттар табыс етілді.

Сондай-ақ, Компанияның 25 жылдығына орай қыркүйектің 7-8 күндері мұнай және сервистік компаниялар арасында шағын футболдан турнир өтті. Турнирде барлығы 17 команда өзара бақ сынасты. Спорттық жарыстың

ашылу салтанатында «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директордың бірінші орынбасары Тянь Кэцзянь мырза сөз сөйлеп, сайысқа қатысушыларға ақжол тіледі. «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «СНПС Айдан Мұнай» АҚ, «Қуатамлонмұнай» БК» ЖШС, «ҚОР» мұнай компаниясы» ЖШС, «Көлжан» ЖШС, «KazPetro Group» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ, «Бастау-S» ЖШС, «ҚұмкөлТрансСервис» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС, «Best-Service LTD» фирмасы және «Құмкөл-ЭКО» ЖШС, «Абай Дәулет» ЖШС, «Абзал және К» ТС, Қызылорда облыс әкімшілігі құрамасы қатысқан турнир айналма жүйесі бойынша өткізілді. Турнир финалында «Қазгермұнай» БК» ЖШС және «Абзал және К» ТС командалары кездесті. Іріктеу матчтарында 7:3 есебімен «Абзал және К» компаниясы жеңсе, ақтық жарыста турнир иелері «Қазгермұнай» БК» ЖШС жеңімпаз атанды.

Үшінші орынды «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ командасы алса, төртінші орын «KazPetro Group» ЖШС ойыншыларына бұйырды. Барлық командалар ақшалай сыйлықпен ынталандырылды.

Биыл Сыр елі экономикасына өз үлесін қосып келе жатқан «ҚазГерМұнай» компаниясының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Ширек ғасырлық белесті мұнайшылар өздерінің кәсіптік мерекесінде айрықша атап өтті. Ақшабұлақ кен орнында бастау алған шара Қызылорда қаласындағы бас ғимаратта да жалғасын тапты. «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры Есен Қайыржан: «Өңірімізде

сыртқа шығару жолдарын кеңейту міндеті де біз үшін ерекше өзекті. Біз, мұнай алқабында шабытты да ширақ қимыл арқылы жаңа талаптарға сай өнім өндіріп, сапалы қызмет етуге қол жеткіздік. Береке мен бірлік, зеректік пен білім арқасында бейнет еткен қызметкерлердің үміті ақталды. Еліміздің мұнай-газ саласында еңбек ететін азаматар алда тұрған міндеттерді абыроймен



Ембіде өткен баспасөз туры

Журналистер мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері «Ембімұнайгаз» АҚ-да ұйымдастырылған баспасөз туры барысында интерактивті мұражаймен, өндірістік процесті жедел басқару орталығының жұмысымен, мұнай өндірудегі жаңа технологиялармен танысты.



20 қыркүйекте ЕМГ республикалық, облыстық және аудандық БАҚ өкілдеріне баспасөз туры ұйымдастырды. Сонымен қатар, шараға үкіметтік емес ұйымдардың да өкілдері қатысты.

Баспасөз турының бағдарламасы екі кезеңнен тұрды. Алдымен, баспасөз турына қатысушыларға Компанияның интерактивті мұражайы мен өндірістік процесті жедел басқару орталығы таныстырылды.

– Мен сіздерді 95 жылдан астам тарихы бар Компаниямызда қарсы алып отырғаным үшін қуаныштымын. Дегенмен, ембілік кен орындардың игерілу тарихында 100 жылдан астам уақыт өтті. Келер жылы алғашқы Қарашүңгіл кен алаңы игерілуінің 120 жылдығын тойлаймыз. Сонымен қатар, Сіздер өндірісте қолданылып жатқан жаңа технологияларды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытында жүзеге асып жатқан жаңа жобаларды, шығындарды оңтайландыра отырып, ембілік мұнайшылардың әлеуметтік пакетінің сол күйінде сақталуы туралы көріп, біле аласыз, – деп атап өтті

Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков баспасөз турына қатысушыларымен кездесу барысында.

Компанияның башылық құрамымен кездесуде БАҚ қызметкерлері мен ҰЕҰ өкілдеріне ЕМГ-нің өндірістік қызметі, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік міндеттемелерді жүзеге асыру бағытындағы тың бастамалар туралы кеңінен айтылды.

Шараның екінші бөлігінде баспасөз турына қатысушылар Атырау облысының Исатай ауданында орналасқан «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Забурын кен алаңына барды. Аталған учаскеде 2014 жылдан бері мұнай тұтқырлығы мәселесін шешу және мұнайды алу коэффициентін арттыру мақсатында полимерлі суландыру жобасы жүзеге асуда. Бұдан әрі баспасөз турына қатысушылар Батыс Новобогат кен алаңында болды. Мұнда қазіргі таңда барлау бұрғылау жұмыстары жүруде. Бұл жерде баспасөз турына қатысушыларға Компанияның геологиялық барлау бағытындағы жоспарлары туралы айтылды.



Оразғали өткен отыз жыл

«Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамында отыз жылдан астам еңбек етіп, компанияның ілгері басуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан білікті мамандар қатары азайған жоқ. Бүгінде ерен еңбегі еленіп, зейнетін көріп келе жатқан әріптес аға-апаларымыз – көпшілікке үлгі. Қаражанбас кен орнында ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан байырғы мұнайшы Оразғали Жұмағұлов – бүгінде №1 мұнай өндіру цехының операторы.

1986 жылдың қараша айынан бері кен орнына барып жұмыс істеу оның үзілмес қағидасына айналған. Талай жылғы теккен тері елеусіз қалмай, үнемі лайықты бағасын алып келеді. Мұнайгаз кешені қызметкерлерінің мерекесі қарсаңында ағамызбен арнайы жолығып, әңгімелескен болатынбыз.

«Қаражанбас кен орнына келуім кездейсоқ болды. Әскерден келгеннен соң бірден мұнай саласына жұмысқа кіру ойымда болмады. Арада біраз уақыт өткенде жұмыс істегім келетіні туралы айтып, компанияға өтініш білдірдім. Ол уақыттары «Қаражанбасмұнай» кәсіпорнын өңірге белгілі қайраткер Ләззат Қиынов басқаратын. Жұмысқа деген жігерімді байқап, бірден қабылдады. Өздеріңізге белгілі, бұл кез Қраснодардан орыстардың қатынап жұмыс істейтін шағы. Жергілікті азаматтар қасқалдақтың қанындай сирек ұшырасады. Жұмысқа қабылдаған бетте Ләззат Кетебайұлы: «Сендердің жолдарың даңғыл. Алда үлкен болашақ күтіп тұр. Сондықтан мұнайшы мамандығын меңгеріп, сол жолда

талмай жұмыс істеулерің қажет. Сол себепті жастарға зор үміт артамыз» деп арқадан қағым, қолдау білдірді», – дейді Оразғали Жұмағұлов.

О. Жұмағұловпен қатар жұмысқа орналасқан азаматтардың көбі дерлік зейнет демалысына шығып үлгерді. Кен орнында бірге жұмыс істейтін құрдастары санаулы ғана. Солардың бірі – Ниетқали Бисалиев. Екеуара бас қосқанда өткен шаққа көз жүгіртіп, сол бір ұмытылмас шақты сағына еске алады.

«Біз жұмысқа орналасқан жылдары кен орнының жағдайы мүшкілдеу еді. Таңертең жұмысқа автобус болмай қалса, ауыр жүк көлігімен келетін кезіміз жиі орын алатын. Ұңғыларды жөндеуге бару үшін осы жайды бастан кешуші едік. Бүгінде жағдай жақсарды. Жеңіл көліктер өндіріс жұмыстарына көп бөлініп, баратын жерге жету жайы едәуір жеңілдеді. Қаражанбастың аумағы осыдан отыз жыл бұрын алақандай ғана еді. Қазір аумақ кеңейіп, ұңғылар саны көбейді. Бұл ретте мұнайшы қауымның атқаратын жұмысы

аса маңызды. Сондықтан тәжірибелі маман ретінде біз сенімге селкеу түсірмей, мақсатқа жету жолында аянбай еңбектенуіміз қажет», – дейді ол.

Оразғали аға бүгінде кен орнындағы мұнайшылар қалашығындағы ахуалға ризашылық білдірді. Асханалар күрделі жөндеуден өтіп, ішер астың сапасы артқаны жұмысшылар үшін аса маңызды екенін ардагер маман қадап айтты.

«Жатақханамыздың жайын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жұмыстан тыс уақытта спортпен айналысатындар үшін барлық жағдай қарастырылған. Тамақтанудың реті де оңтайлы жолға қойылған. Күніне берілетін тағамның құнары жоғары. Сондықтан біздер өндіріс жұмысында осал болуға қақымыз жоқ», – дейді Оразғали Жұмағұлов.

Таушық ауылында тұратын жігіт ағасы қазір қадірлі ата атанған жайы бар. Әлпештеп өсірген перзенттері өмірден өз орындарын тауып, бүгін үбірлі-шүбірлі әулеттің керегесін кеңейтіп отыр. Әке жолын тандаған ұлы –

«АрғымақТрансСервис» мекемесінде жүк көлігін тізгіндеген білікті жүргізуші. Кенжесі Орал қаласында білім алып жатыр.

«Жұмыстан үйге барғанда кен орнына деген сағыныш болатынын жасырмаймын. Форт-Шевченко қаласында туып-өскен маған ауылға көшкен уақыттары мұнайшы боламын ой келмеген еді. Тағдырдың жазуымен бүгінде өндіріс жұмысына әбден бауыр басып, бұл саладан мүлдем қол үзгім келмейді. Қазіргі уақытта жұмыстағы жастарға білгенімізді үйретіп, мол тәжірибемізді бөлісіп жүрміз», – дейді ол.

Мерекеге орай кен орнының білікті маманы әріптестерін құттықтауды ұмытқан жоқ. «Мұнайгаз саласы бүгінде еліміздің экономикасының негізгі тіреуші күші екені белгілі. Күндіз-түні еңбек етіп жүрген барлық әріптестерімізді құттықтаймын. Әрдайым елімізде береке мен бірлік болып, өндірісте жоспарлы өнім көп болсын. Әр шаңырақтан шаттық кетпей, арайлап атқан таңымыз несібесі болғай», – деп түйіндеді ойын Оразғали аға.



Қаражанбас кенорнында бу генераторларын пайдалану арқылы ұңғыларға бу жүктеу тәсілімен мұнай өндіру

Мұнай өндіру ұңғымаларын бу жылуымен өңдеу мұнай өндіруді жеделдету мен мұнай беруді арттырудың тиімді әдісі болып табылады. Ол ескі мұнай кен орындарында да, жаңадан ашылған кен орындарда да табысты кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе, тұтқырлығы жоғары мұнай кен орындарында бұл әдісті қолдану жақсы нәтижеге қол жеткізуде, басқа тәсілдерге қарағанда тиімді болып саналады.

Ауыр смолалы мұнайды өндіру үшін Қаражанбас кен орны жер қабатына буды жүктеу шығыны көп және қысқа мерзім ішінде жақсы нәтиже беретін технологиясын пайдаланады. Бүгінгі таңда кен орны аумағында бу генераторлары алаңдарының негізгі цехының үш бөлімшесінде қозғалмалы және тұрақты маркалы 34 бу генератор қондырғылары жұмыс істейді. Тәулігіне он мың тоннадай бу өндіріледі, дегенмен бұл барлық ұңғымаларға мұнай өндіруді арттыруда жеткілікті емес екені белгілі.

Соңғы кезде жұмысқа қосылып жатқан шетелдік бу генераторы қондырғысы Қаражанбаскен орнында Ресейде өндірілген ескі бу генераторлар қондырғыларын ауыстыруға арналып алынды. Мақсат – болашақта уақыты жетіп ескірген, пайдаланудан шығарылатын бу қондырғыларын ауыстыру. Жаңа екі бу қондырғылары маркасы YZG-23-6-G; бу өндіруі Q=23 т/сағ; қабат қысымына бейімделінген деңгейлес қысымда (P=6,0МПа) жоғарғы температурада (T=276°C) тікелей ұңғыға буды

жүктеуге арналған және техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауда техникалық жоғарғы толықтырылып жетілдірілген қауіпсіздік деңгейі қарастырылған, автоматтандырылған интеллектуалдық өндірістік қондырғы болып есептеледі. Барлық өндірістік көрсеткіштерін орталық диспетчерлік басқару орталығынан көріп, басқаруға және ауысым басқарушысы инженер-технологтың пульттік басқаруына арналып жасақталған.

Сатып алу және пайдалану мақсатында біздің мамандар бу қондырғылары дайындап шығаратын зауыттарда болды. Оларды дайындау, комплекциялық жасақтау бөлшектерімен танысты. Қазіргі кезде зауыт мамандарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Соның арқасында кен орнында ауыр мұнайды өндіруге бейімделген экономикалық, технологиялық жағынан тиімді көптеген жаңа толықтырулар мен өзгерістер бу қондырғыларын жинақтап шығару кезінде орын алды. Қызмет көрсету мамандары (машинист, аппаратчик) жаңа бу қондырғыларын құру, жүйелеп қосу кезінде

шетелдік мамандармен ынтымақтастықта жұмыс жасап, жаңа автоматикалық бөлшектерін қолданудың принциптерін үйренді.

Қаражанбас кен орнында мұнай өндірудің тиімді тәсілдерін арттыру мәселесі ел үкіметінің цифрлы Қазақстан бағдарламасына сай жоспарлануда, яғни ақылды технологиялық өндіріске сәйкестік жолында бу қондырғылардың, ұңғылардың барлық көрсеткіштерін, технологиялық процестерді орталықтан бақылау, басқару мәселелері жыл сайынғы бюджеттерде қаралып, қолға алынуда.

Қаражанбас кен орны ашылғаннан бері мұнай өндірісін дамыту жөніндегі көптеген ғылыми білім орталықтарымен бірлесіп, ауыр мұнай өндіру тәсілімен ұңғы арқылы жерасты мұнай қабатына бу жүктеудің тиімділігін дәлелдеген болатын.

Төрмұрат КӨБЕН,
«Қаражанбасмұнай» АҚ

Өндірістік техникалық департаменті
өндірістік бөлімнің аға инженері

Әлем көз тіккен Үш қиян



Шархан ҚАЗЫБАЙЕВ

ПРОЛОГ ОРНЫНА

Дала... шексіздік... Ғасырлар бойы Еуразия кеңістігінде көшіп-қонып жүрген көшпелілердің сана түйсігіне берік орныққан еркіндік символы. Біз қылым заманнан төрт құбыласы тұйықталмаған, көсіле шапқан тұлпарға, желдей ескен сұңқарға жеткізбес кеңдіктің белгісі. Төңкерілген көгілдір күмбездей аспан әлемі тура осы салқам даланың сағым ойнаған белдерінен басталып кететіндей. «Көк аспанда күн күймесі қалай еркін қозғалса, сайын далада скиф керуендері де солай еркін көшіп-қонады» деген екен бағзы заманда скиф данышпаны Анахарсис.

Табиғаттың осы бір пәлсапалық суреті маң даланы мекен еткен жұрттың миына әбден сіңісті болып, еркіндік пен кеңдіктің өлшемін айналғаны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Сондықтан да еркін өскен тұз тағысындай қайсарлық, басына нөқпа салдырмас тарпаңдық, қырандай тегеуірінді тектілік құдіреттері әу бастан қанымызға сіңгені тегін емес. Қазақтың «қазақ» аталуының түпкі қисыны да осында жатыр. Азат елдің баласы еңсесін ездірмей, ерегескен жауына «егеулі найзасын» тіреп, «қозы жауырын оқ» болып атылса, топырағының осындай қасиетінен болар.

«Түнде – ұйқы көрмедім, күндіз – күлкі көрмедім; қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді: күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып – бәрі елім үшін» дейді көне дүниенің кемеңгер көсемдерінің бірі Тоныкөк.

Тұлымдысын құл болудан, бұрымдысын күң болудан сақтаған елдің болмысында еркіндіктің рух оты маздайды. Ол қажет кезінде лап етіп жанып, қалың елдің қайраулы алмас қылышындай жарқылдайды.

Нарын құмында жүріп, «Ереуіл атқа ер салмай, еңку еңку жер шалмай, егеулі найза қолға алмай, ерлердің ісі бітер ме?!» – дейтін Махамбет Өтемісұлы – сондай наркескен ерлердің бірегейі. Батыс өңірде Бөкей ордасында хан мен билердің, олардың жебеушісі патша жемдеттерінің халықты еркіндігінен айырып, жерін тартып алып, не түрлі зұлымдық пен қиянатқа барып, әбден езгіге салған кезде бас көтерген рухы биік ақтаңгер батыр «Жайық үшін жауласып, Еділ үшін егеске» түсті. Жан алып, жан берісіп, «қасарысқан дүшпанға

қанды көбік жұтқызбай» тынбауға бел байлаған Исатайдың сенімді серігі болған ер бейнесі халықтың жады мен ойында мәңгілік сақталған.

Осы өңірдің тұмасы, тамаша қылқалам шебері марқұм Қиссамединовтің «Махамбет» атты портреті бар. Домбырасы қолында, бұла күші бойында, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты батырдың кекке толы нар тұлғасы ұлтарактай жер үшін, езілген елдің кегі үшін күреске толы күндерін көз алдына келтіріп, күңірене толғап, жан дүниесін өртеген алапат жалынмен дем алып тұрғандай.

*Хан емесің қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дүшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емесің лаңсың,
Қара шұбар жылансың,
Хан емесің аянсың,
Айыр құйрық шаянсың!*

– деп Ордада жүргенде ханға қасқайып қарсы қарап, кесімді сөзін айтқан нар тұлғаның болмыс бітімі еркіндік аңсаған елдің тұтас сомдалған бейнесі сияқты.

Жиырма бес жасында алғаш рет түрменің не екенін көрген Махамбет 1836 жылы 10 желтоқсанда Орынбор генерал-губернаторы Перовский жіберген тергеушіге берген жауабында: «Бұдан 6-7 жыл бұрын Орал шекарасынан жасырын өткенім үшін патша өкіметі адамдарының қолына түсіп, екі жылға жақын (1829-1831) Калмыков түрмесінде отырып, 1831 жылы оба ауруы кезінде түрмеден қашып шықтым» дейді.

Түрменің сызы Исатайдың да жамбасынан өтті. Ақыры езілген елді соңынан ерткен Исатай батырдың жанында Махамбет көтерілісшілердің рухани жетекшісі, елі мен жерінің еркіндігі үшін басын бәйгеге тіккен бостандық жыршысына айналды.



Бекетай құмында Орынбордан келген подполковник Гекке бастаған жазалаушы отрядпен өліспей-беріспей шайқасып, кейін Исатай қаза тапқанда Назар, Шүрен елінде жүріп, қол жинап, қайтадан күреске шығып, ақыры жау қолынан қапыда қаза тапқан дала дауылпазы байтақ батыс өлкенің, езілген халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап өтті.

Содан бері талай су ақты. Уақыттың есепшоты екі ғасырды қағып артқа тастады. Бірақ Үстірттің әр төбесі, әр белі, құлан жортқан құба жоны Исатай-Махамбет рухымен, еркіндік, бостандық рухымен суарылып, шар болаттай шыңдалды. Қалың қазақ туған өлкесінің әр түп жусаны мен изеніне, әр түп жынғылы мен жантағына, әр түп сораңы мен қарабұтасына дейін қасиет тұтып, нар қомында жүріп бабалардың қастерлі өсиетіне адалдық танытты.

Бір кездері осы өңірге жер аударылып келген украин ақыны Тарас Шевченко қазақтардың жай-күйін қарындашпен бейнелеп, бірнеше тарихи суреттер қалдырғаны белгілі. Қолын жайып қайыр тілеп тұрған балалар, киіз үйде отырған қазақтар жайлы суреттер ұлы қобзардың жүрек сүзгісінен өткен шынайы көріністер еді.

Бүгінгі ұрпақ сол ауыр тірліктен мойымай өткен қазақтардың ұрпағы. Өркениетке ұмтылған елдің баласы. Махамбеттер атой салып ел мен жер тағдыры үшін жанын шүберекке түйіп, «беркініп садақ асынып, біртіндеп жауды қашырып, қорамсаққа қол салған, қозы жауырын оқ алған» жерлер қара алтынның қоймасы сияқты, қадау-қадау мұнай мұнаралары қаздай тізіліп, Маңғыстау мен Атырау даласы иіп беріп жатыр. Дүниенің төрт құбыласындағы елдер Батыс Қазақстанға қызыға да қызғана да көз тігуде.

Үстіртке барған әр адам Исатай мен Махамбет армандаған, сол жолда құрбан болған ұлы даланың еркіндігіне тәу етеді, басын иеді....

ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

Негізі батыс өлкесіндегі жалпы адамзат тарихы мен мәдениетіне жататын баға жетпес құнды ескерткіштердің соншалықты көптігі оның алғашқы тас дәуірінен бастап талай ғасыр адам баласының алтын бесігі болғанын дәлелдейді.

Қазір ғалам жұртшылығы көз тіккен мұнайлы өлкенің тарихы тереңде жатса, мәдениеті де соған сәйкес кеңінен тамыр жайған. Мәселен, Маңғыстау жері – ежелгі өркениеттің елі. Былайша айтқанда, археологиялық қорық. Ашық аспан астындағы керемет тарихи ескерткіштердің саны 11 мыңнан асып жығылады. Не түрлі ғажайып ертедегі ғимараттар, Бекет ата мен Шақпақ атаның, Масат атаның мешіттеріне Қазақстан ғана емес, Ресейден, Өзбекстан мен Түркіменстаннан, Кавказ бен Ираннан, Түркиядан тәу етушілер ағылып келіп жатады. Мыңдаған жыл бұрын дәл осы Маңғыстау өлкесі арқылы Хорезм мен Хиуадан Еуропаға, Таяу Шығысқа қарай керуендер тізіліп өтетін болған. Ол – әлемге әйгілі «Жібек жолы».

Үстірт үстінде керуен сарайлары, қолөнершілердің, аңшылар мен мал өсірушілердің қоныстары болғанын және олардың тұрмыс деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігін археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеп берді. Байтақ өлкеде үздіксіз жүрген қақтығыстар мен халықтардың ұлы қоныс аударулары Үстірт үстімен өтетін Жібек жолының тағдырына нүкте қойды. Оның үстіне Шыңғысханның шапқыншылығы ізін мүлде өшірді. Сөйтіп, еуразиялық қатынастарда өзіндік маңызы бар өлкенің дамуын көптеген ғасырға кейін сырғытып тастады. Мұнымен бірге түбектің қатал табиғаты, аңызак желі мен төбеден төнген шақырайған күннің аптап ыстығы ежелгі өркениеттің орнын біртіндеп мүжіп, тоздырып жіберді.



Солай болса да кешеден бүгінге жеткен осы ежелгі мұралар халқымыздың тарихи жылнамасында ерекше құнды, ерекше маңызды орын алады. Атақты кеңес ғалымы Н. Андрюсов осы өңірді палеонтология мен тектоника, планетология мен стратиграфия оқулықтарымен салыстырған екен. Себебі, көміртегі мен күн сәулесінің реакциясы нәтижесінде жер бетінде тіршіліктің пайда болуын дәл осы жерде байқауға болады. Сондай-ақ, осы жерде адамзат ойының даму тарихы, жоғары руханилықтың туу тарихы бағамдалады. Мамандардың айтуына қарағанда, мұнда ғаламдық көзқарастар параметрлерімен өлшенетін мәдениет қалыптасқан. Ғалымдар ат үстінде құйындай жүйткіп, үстірт бетінде көшіп-қонып жүрген көшпелілер ежелгі және жаңа Еуразия халықтарының қалыптасуына бастау болған деген бағыл болжам жасады.

Мәселен, белгілі геолог А.Г.Медоев 1966-1969 жылдары Маңғыстаудағы Қаратау жоталары етегіндегі қайнарлардың маңайынан тас дәуіріндегі ежелгі тұрақ кешенін тауып зерттеді. Сонда шаруашылық өндірісі формаларының Еуропаға өту жолдары туралы ғалымдардың болжамдарын дәлелдейтін нақты негізделген фактілеріне кез келді. Атап айтқанда, микролит мәдениеті негізінде тұрақты отырықшылық пен аңшылық қалыптасқан аридтық аймақтан алыс Еуразия кеңістігінде ат-темір мәдениеті, ат мінудің стихиясы мен мифі, осы өркениеттің идеалдары туындады. Сол кездегі көшпелілерге скиф мәдениетін қалыптастырып, тарих сахнасына шығу үшін әлі де мыңдаған жыл керек еді.

(жалғасы келесі санда)

Біздің мақтанышымыз

Спорт саңлағы Ақтауда тұрады

«АрғымақТрансСервис» компаниясында қауіпсіздік техникасы бойынша инженер болып жұмыс істейтін Руслан Сүйеговтың есімі көпшілікке етене таныс. Спортты жанына серік еткен ол – каратэ киокушинкайдан екі дүркін әлем чемпионы атанған саңлақ спортшы.

Сырттай қарағанда салмақты көрінетін біртоға Русланды ғаламат каратэші деп ойламайсыз. Әңгіме барысында салмақты кейпінен жаңылмай, нық сөйлейді. Жұмыстан тыс уақытта жаттығу залынан табылатын оның он сегіз жылдан бері шығыс жекпе-жегінен жасөспірімдер арасында қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанғаны – бір бөлек әңгіме.

Ең алғаш ағасы Бекзат екеуін әкелері жетектеп Маңғыстаудағы белгілі бапкер каратэ киокушинкайдан III дан иегері Үсен Молдағалиевке әкеліп тапсырған. Талапшыл әке бапкерге қос ұлын табыстап тұрып, зор сенім білдірді. Араға уақыт салып, жылдар өте келе Руслан каратэнің қыр-сырына тереңдей бойлай түсті. Ал ағасы Бекзат еркін күреске ауысып кетті.

Арада уақыт өткенде қос ұлдың Маңғыстау облыстық біріншілігінің финалында жолдары түйісті. Содан бері Руслан алпысқа жуық ірі турнирге қатысып, басым көпшілігінде топ жарды. Оның ішінде жасөспірімдер арасында ҚР чемпионатының төрт дүркін жеңімпазы атанып, 2004 жылы Жапонияда өткен әлем біріншілінде алтыннан алқа тақты. Финалда жапонның хас мықтысынан айласын асырған оған халықаралық каратэ киокушинкай федерациясының президенті Хатсу Райома ұсыныс білдірді. Жапон елінде қалып жаттығуға мүмкіндік берілгенімен, Руслан елімізде қалуды жөн көрді. Ересектер арасында да айтулы табысқа қол жеткізген саңлақтың алдында үлкен асулар күтіп тұрған еді.

Айта кетерлік бір жайт, бойы ұзын, дене бітімі мығым келген 15 жастағы Руслан ересектермен бірге дайындалды. Жаттығуда жауырыны қақпақтай жігіттермен тайталасып, тіпті ұтып кететін жайттар жиі орын алатын. Соны байқаған бапкері Тәжімұрат Нәзірбеков Ақтау

қаласында өткен Азия чемпионатына шәкіртін қосты. Талап бойынша ересектер қатарында өнер көрсетуге жасы толмаған спортшыға тыйым салынатын. Ал Руслан өзін сынап көру үшін ширек финалға дейін қатысып көрмекке бел буды. Бірінші айналымда Иранның мықты спортшысымен жолы түйісіп, одан басым түсті. Ол уақыттары әлемде Иран құрамасы каратэ киокушинкайдан әлемде үздіктер қатарында болатын. Өзінен бірнеше жас үлкен спортшыны ұтқан Руслан ширек финалға дейін барып, бапкердің ұсынысымен жарыс жолынан өз еркімен шығып қалды. Осыдан кейін оның даңғыл жолы ірі жарыстарда сан рет жалғасын тапты.

Он сегіз жасында Қазақстан біріншілігінде алтынға қол жеткізгеннен кейін оның ұлттық құрамадағы орны айқындалды. Ақтау қаласындағы политехникалық колледждің студенті әлемдегі мықты спортшылардың қатарын толықтырды. Содан бері Қазақстан біріншілігін алты рет ұтқан ол Еуропаның 4, Азияның 1, әлемнің 2 дүркін чемпионы атанды. Қазақстан кубогында 3 рет жеңімпаз болғаны тағы бар. Бұдан бөлек, халықаралық көптеген турнирлерде жеңістің биік тұғырына көтерілді. Томағасын сыпырып, дүбірлі додаға қосқан бапкері Тәжімұрат Нәзірбеков оның бабын келтіріп, білгенін үйретіп бақты. Соның арқасында шәкірті I дан иегері атанып, үздіктер көшінде өзінің жолын қалыптастырды.

2010 жылы Испанияда Еуропа чемпионаты өтті. Аса ауыр салмақта өнер көрсететін дала перзенті қарт құрлықты бағындыруға аттанған. Жеребе ауыр түсіп, бірінші кездесуде испаниялық Джонатон Тинеомен кездесті. Джонатонның Русланнан сегіз жас үлкендігі бар. Оның үстіне, есімі белгілі спортшы – әлемдік додаларда талай мықтының мысын басып, тауын шаққан әккі спортшы.



Жергілікті спортшының жеңіске жетеріне испан жанкүйерлері еш шүбә келтірмеген. Бірақ мақсаты айқын, жеңіске деген жігері жасындай жарқылдаған Руслан сын сағатта мүлт кетпеді. Бапкерімен ақылдаса отырып, тактикалық әдіс-тәсілді алдын ала сәтті ойластырды. Соның арқасында ол бірінші айналымда тең түсіп, екінші кезеңде айқын басымдылықпен ұтып, Джонатонды жарыс жолынан шығарып тастады. Испан спортшысы намысқой екен. Араға бір жыл салып, Русланда кеткен есені қайтарам деп Астанада өткен әлем біріншілігіне арнайы келді. Алайда екеуінің екі салмақта өнер көрсетуіне байланысты жолдары түйіспеді. Дегенмен, 2012 жылы Германияның Гамбург қаласында өткен Еуропа чемпионатының финалында Руслан Джонатонмен қайта жолығып, ұпай айырмасымен жеңіске жетті.

Бүгінде «АрғымақТрансСервис» ЖШС-де еңбек ететін ол жұмыс кезінде де жаттығуды қалт жібермейді. Таң қылаң берісімен Қаражанбас іргесінде қарт теңізді жағалай жүгіріп, тәнін сергітеді. Кешкілік жұмыстан соң спорт залына барып, бірнеше сағат бойы спорттық бабын баптайды.

Жұмыс уақытымен жарыс сәйкес келген

жағдайда басшылық оған түсіністік танытып, әркез қолдау көрсетіп отырады. 12 жылдан бері Руслан талай жарысқа барған кезінде «АрғымақТрансСервис» ЖШС-не басшылық еткен Ли Тецянь, Шаттық Құлшықовтар қолдау білдіріп, азаматтық танытты. Осы үшін белгілі спортшы басшылыққа реті келген жерде алғыс айтуды ұмытқан емес.

Маңғыстауда туған саңлақтың есімімен бүгінде шығыс жекпе-жегі менгерген әлем мықтылары әлі күнге санасады. Аса ауыр салмақта сынға түсіп жүрген қайсар ұлдың аз сөйлеп, көп жаттығатын ерекше қасиеті әркез құрамадағы әріптестеріне үлгі.

Ақтау қаласында өзінің жеке залын ашқан ол бүгінде тоқсанға жуық балаға каратэ киокушинкайдан қыр-сырын үйретіп, жеңіске жетуге үйретіп жүр. Бапкерлікті қатар алып жүру де зор жауапкершілікті жүктейді.

Руслан туралы әңгіме болғанда, оны мақтайтындардың қарасы көп. Біз қазақ спортының бір уығын ұстаған халықаралық дәрежедегі спорт шеберінің айтулы жетістігіне ризашылық білдіріп, оның есімімен әрдайым мақтанамыз.



Кендірлінің жазғы маусымы жабылды

Қыркүйек айының 22 жұлдызы күні «Кендірлі» демалыс аймағында дәстүрлі жазғы маусымының жабылу салтанатына арналған мерекелік шара өткізілді.

Дәстүрлі салтанатты «KMG EP- Catering» ЖШС «Кендірлі» демалыс аймағының басшысы Ачилов Сағидулла Хыдырбайұлы ашып беріп, құттықтау сөз сөйледі.

«Өлкеміздің қара алтын игерушілері – мұнайшылардың бос уақытын, жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру бағытында қызмет көрсетіп келе жатқан демалыс аймағы Кендірлі – Каспий жағалауындағы көз тартар көгалды

мекендердің бірі. Осы жылдың басынан бері қарай «ӨзенМұнайГаз» акционерлік қоғамынан, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ға қарасты еншілес және тәуелді ұйымдарды қосқанда барлығы 14 000 адамдай «Кендірлі» демалыс аймағында демалды», – деді ол.

Мәдени шарада Жаңаөзен қаласының өнерпаздары өнер көрсетіп, демалушылардың қатысумен әр түрлі ойындар ойнатылды. Қала өнерпаздарының концерті жастардың би кешіне ұласты. Мереке 100-ге жуық көрерменді қамтып, жоғары деңгейде өтті.

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmger.kz
Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmger.kz
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmger.kz
Жанкелді Қаржан – Z_Karzhan@kbm.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30